

2025 жылғы «15» мамырдағы
№ 58 ректордың бұйрығына
№ 1 қосымша

Қосымша және қайта білім беру
қызметтерін көрсетудің
үлгілік шарты

Ректордың
2025 жылғы мамырдағы №58 бұйрығымен
бекітілген

Қосымша және қайта білім беру қызметтерін көрсету ЖАРИЯ ШАРТЫ

1. Шарттың мәні

1.1. Осы шартпен «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Университет» деп аталатын, БСН 030640003269, 2010 жылғы 01 шілдедегі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі, білім беру қызметімен айналысуға берілген 2020 жылғы 05 мамырдағы KZ80LAA00018161 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет ететін Білім алушының академиялық қарызды және пәндер айырмашылығын жою, GPA деңгейін көтеру мақсатында пәндерді қайта оқу, академиялық кезең ішінде және/немесе жазғы қосымша семестрде қосымша пәндерді оқу үшін ақылы түрде қосымша және қайта білім алу шарттарын айқындайды.

1.2. Білім алушының, оның Заңды өкілінің осы Шартқа қосылуы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Platonus автоматтандырылған платформасы арқылы қол қойылған «Жазғы/қосымша семестрге қатысуға өтініш» негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Осы Шартқа қосылған Білім алушы, сондай-ақ оның Заңды өкілі Университеттің уәкілетті қызметкері Өтінішті және төлем түбіртегін қабылдау белгісін қойғаннан кейін ғана осы Шартта белгіленген барлық шарттар мен міндеттемелерді тұтастай қабылдайды.

1.4. Тараптар «Жазғы/қосымша семестрге қатысуға өтінішке» қол қойылған күн шарт жасасу күні болып табылатындығы туралы келісімге келді.

1.5. Білім алушыларға «Жазғы/қосымша семестрге қатысуға өтініш» беруі Университетте қайта және қосымша білім беру қызметтерін көрсету міндетінің автоматты түрде туындауын білдірмейді.

1.6. Академиялық кредиттің 1 (бір) құнының мөлшері тиісті оқу жылына Университет ректорының бұйрығымен белгіленеді..

1.7. Қосымша оқу ақысы Университеттің есеп шотына алдын ала төлемнің 100% мөлшерінде төленеді

1.8. Университет осы шартта айқындалған тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарттың біржақты өзгеруі туралы Университет Білім алушыны, ал Білім алушы кәмелетке толмаған жағдайда Өкілін Университеттің <https://energo.university/ru/for-students/> ресми сайтында ақпарат орналастыру арқылы және Білім алушымен байланыс жүргізуге арналған ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдары арқылы мұндай өзгерістер күшіне енетін күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабардар етеді.

1.9. Тараптар осы Шарттың нысаны мен оған қосылу тәртібі шарттар жасасудың жазбаша нысанына теңестірілетініне сөзсіз келіседі.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Университет:

2.1.1. Академиялық топтарда білім алушының жеке жоспарына сәйкес қосымша және қайта оқытуды ұйымдастыру (кемінде 8 білім алушы) ;

* Білім алушылардың тиімсіз тобы қалыптасқан жағдайда қайта оқыту басқа уақытқа ауыстырылады не енгізілген төлем білім алушыға қайтарылады.

* Білім алушылар дәлелді себептерсіз қосымша оқыту бойынша оқу және практикалық сабақтарды өткізіп алған жағдайда, төленген сома қайтаруға жатпайды.

2.1.2. қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен Білім алушының сабақ күндерін, уақытын және режимін айқындау, Білім алушыға білім алу үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдайларын жасауға;

2.1.3. кітапханалардағы ақпараттық ресурстарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарына еркін қолжетімділікті және пайдалануды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.2. Университет:

2.2.1. Білім алушыдан білім туралы заңнамада, мемлекеттік білім беру стандартында, осы Шартта және Университеттің ішкі тәртіп қағидаларында, Университет Жарғысында, студенттің ар-намыс Кодексінде көзделген міндеттерді адал және тиісінше орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін сақтауды, Университет оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына сыпайы және құрметпен қарауды талап етуге;

2.2.2. Білім алушыдан Университет мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге және Білім алушының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды өтеуді және бүлінген мүлік құнының 10% мөлшерінде ақшалай айыппұл салуды талап етуге;

2.2.3. Егер білім алушы қорытынды аттестациядан қанағаттанарлықсыз баға (**F**) алса, оны қайта оқуға

2.2.3. Білім алушылар қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған жағдайда (F) қайта оқуға қалдыруға құқылы.

2.3. Білім алушы:

2.3.1 білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды толық көлемде меңгеруге, жеке оқу жоспарында көзделген талаптарды сақтауға, оқу және практикалық сабақтарға қатысуға;

2.3.2. жеке деректерді, Face ID деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға келісім беруге, сондай-ақ отбасылық жағдайы мен байланыс деректері (тұратын жері, телефон нөмірлері, электрондық пошта және т.б.) өзгерген жағдайда Университетке бұл туралы оқиға болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға және осындай мәліметтердің дұрыстығына жеке өзі жауапты болуға;

2.3.3. жеке оқу жоспарында көзделген жеке жұмыстардың барлық түрлерін орындауға және пән (дер) бойынша кредиттер алу үшін оң қорытынды баға алуға міндеттенеді;

2.3.4. Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің пайдаланушысы болып табылатын Білім алушы құпиялылықты сақтауға міндетті және оның жүйеге кіруін қамтамасыз ететін өзінің логині мен құпиясөзін ешкімге беруге құқығы жоқ. Білім алушы Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде тіркеуді өзі жүзеге асырады, өтініштерді өзі жазады және жолдайды. Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде барлық нысандағы өтініштерді тіркеу және беру рәсімдері жазбаша түрде берілген өтінішпен теңестіріледі.

2.3.5. білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен және сыпайы қарауға, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та дұрыс емес «жалған» ақпарат таратпауға, Университеттің имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер мен пікірлерге жол бермеуге, сондай-ақ бейне/аудио немесе өзге де оқу мазмұнын таратпауға міндетті. Университеттің мүлкіне, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен толық материалдық жауаптылықта тартылады;

2.3.6. Кітапхана қорына зиян келтіргені үшін (кітаптарды оқу залынан өз бетінше алып шығу, кітаптарды бүлдіру / парақтарын жыртып алу / кітапты уақытында қайтармау, кітапты жоғалту және т.б.) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік алуға міндеттенеді.

2.4. Білім алушы:

2.4.1. мемлекеттік білім беру стандарты көлемінен тыс қосымша білім беру қызметтерін қосымша ақы төлеу арқылы алуға;

2.4.2. Университет кітапханасы мен оқу залдарының базасындағы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қолжетімділікке және пайдалануға құқылы.

3. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Шартқа қосыла отырып, Білім алушы және оның Заңды өкілі Қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Білім алушымен немесе оның өкілімен және Университет қызметкерлерімен әңгімелесудің басында жазба жүргізілгені туралы хабарламадан кейін Университет ғимаратында бейне/аудиожазбаны жүзеге асыруға, қосымша хабарламаларсыз электрондық хабарламалардың сақталуын жазуға, сондай-ақ телефон арқылы сөйлесулерді жазуға келісімін береді. Білім алушы және/немесе оның өкілі мұндай бейне/аудиожазбалар және/немесе телефонмен сөйлесу/электрондық келіссөздер жазбалары (оның ішінде мессенджерлер арқылы) тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді сот талқылауы барысында дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігіне өз келісімін білдіреді.

3.2. Осы Шарт Білім алушы және/немесе оның Заңды өкілі «Жазғы/қосымша семестрге қатысу туралы өтінішке» қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Білім алушының жеке оқу жоспарына сәйкес оқу кезеңінің соңына дейін қолданылады.

3.3. Осы Шарттың талаптары Университет тарапынан өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат Университеттің ресми интернет-сайтында, сондай-ақ Білім алушымен байланыс орнатуға арналған ақпараттық жүйелер мен коммуникациялық құралдарда орналастырылады. Осы Шарттың жекелеген тармақтарының өзгеруі, оның бір немесе бірнеше тармақтарының күшін жою осы Шарттың қолданылуын тұтастай тоқтатпайды.

3.4. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату сәті тараптардың өзіне алған міндеттемелерді толық орындауы болып табылады.

3.5. Осы Шарт Университеттің ресми сайтында <https://energo.university.ru/for-students/> орналастырылған.

3.6 Білім алушы (Өкіл) жазғы/қосымша семестрге қатысу туралы Өтінішке қол қоя отырып:

1. Университет Жарғысын;
2. Университеттің ішкі тәртіп ережелерін;
3. Осы Шарттың талаптарын;
4. Еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін;
5. АЭЖБУ студентінің Ар-намыс кодексін;
6. Университеттің академиялық саясатын;
7. Жеке оқу жоспарын сақтауға міндеттенеді.